

**"Ұлттық инновациялық қор" акционерлік қоғамының 2004-2007 жылдарға арналған инвестициялық саясаты туралы меморандум туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 3 маусымдағы N 615 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006.08.17. N 776 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006.08.17. N 776 қаулысымен.**

**Ескерту. Тақырыбы мен мәтінге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.07.26. N 776 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Ұлттық инновациялық қор" акционерлік қоғамы акционерлерінің жалпы жиналысына "Ұлттық инновациялық қор" акционерлік қоғамының 2004-2007 жылдарға арналған инвестициялық саясаты туралы қоса беріліп отырған меморандумды бекіту ұсынылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қ а з а қ с т а н    Р е с п у б л и к а с ы  
Ү к і м е т і н і ң  
2 0 0 4                      ж ы л ғ ы                      3                      м а у с ы м д а ғ ы  
N        6 1 5                      қ а у л ы с ы н а  
қосымша

**"Ұлттық инновациялық қор" АҚ-тың 2004-2007 жылдарға арналған инвестициялық саясаты туралы меморандум**

**Ескерту. Тақырыбы мен мәтінге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.07.26. N 776 қаулысымен.**

**1. Жалпы ережелер**

1. Осы Меморандум "Ұлттық инновациялық қор" АҚ-тың (бұдан әрі - Қор) 2004-2007 жылдарға арналған инвестициялық саясатының негізгі басымдықтарын айқындайды, қаржыландырылатын жобаларды іске асырудың мониторингі мен талдауын, инвестицияланған компаниялар мен венчурлік

қорлардың қаржы жағдайын, Қордың инвестициялық компаниялар мен венчурлік қорлардан шығу туралы шешім қабылдауын, Қордың инвестициялық қызметін жүзеге асыру жөніндегі рәсімдерін қамтиды, Қордың инвестициялық қызметінің сапалық және сандық параметрлері мен шектеулерін белгілейді.

**Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.07.26. N 776 қаулысымен.**

2. Қордың осы Меморандум айқындаған инвестициялық саясаты Қор қызметінің нәтижелерін және жаңа бағыттарын, сондай-ақ заңнамадағы өзгерістерді ескере отырып түзетілуі мүмкін.

3. Қор қызметінің мақсаты елдегі жалпы инновациялық белсенділікті арттыру, оның ішінде жоғары технологиялық және ғылымды қажетсінетін өндірістерді дамытуға ықпал ету болып табылады.

#### 4. Қ о р м і н д е т т е р і :

- отандық және шетелдік инвесторлармен бірлесіп венчурлік қорлар құру, инновациялық жобаларды венчурлік қаржыландырудың тетіктері мен инфрақұрылымын қалыптастыруға қатысу;

- коммерциялық тиімділік тұрғысынан әлеуетті перспективалы болып табылатын жаңа технологияларды, тауарларды, жұмыстар мен қызмет көрсетулерді құруға бағытталған қолданбалы ғылыми зерттеулер мен тәжірибелік-конструкторлық әзірлемелерді (бұдан әрі - ҒЗТКӘ) қаржыландыру;

- инвестицияланатын компаниялардың жарғылық капиталына үлестік бақылаусыз қатысу жолымен инновацияларды енгізуді қаржыландыру;

- инновациялық қызметтің мамандандырылған субъектілерін (технопарктер, технологиялық бизнес-инкубаторлар) құруға қатысу;

- ғылыми-техникалық өнім рыногын қалыптастыруға қатысу;

- "инновациялық технологияларды көшіру, қарызға алу және өсіру", оларды коммерцияландыру және енгізу саласындағы халықаралық ынтымақтастықты дамыту.

**Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.07.26. N 776 қаулысымен.**

5. Меморандумда қолданылатын терминдер мен ұғымдар:

технологиялық бизнес-инкубатор - инновациялар құру, қорғау құжаттарын алуға өтінімді ресімдеу және инновациялық жобаны дайындау үшін заңды және жеке тұлғаларға құқықтық, ұйымдастырушылық, ақпараттық қызметтерді ұсыну жөніндегі қызметті жүзеге асыру үшін құрылатын заңды тұлға немесе технопарктің құрылымдық бөлімшесі;

венчурлік инвестициялау - инновацияларды құруға және/немесе мынадай:

1) идеяларды жаңа өнімнің пилоттық үлгілерін құруға және оның коммерциялық әлеуетін бағалауға дейін жеткізумен байланысты қолданбалы

з е р т т е у л е р ;

2) өнімнің бастапқы жаппай өндірісі мен бірінші сату;

3) өндірісті ерте ұлғайту және өнімнің өткізудің жаңа рыноктарына шығуы, кезеңдерінде коммерцияландыруға бағытталған инвестициялау;

венчурлік қор - венчурлік инвестициялауды жүзеге асыру мақсатында заңды тұлға құрып та, құрмай да ресімделген заңды және/немесе жеке тұлғалардың

к а п и т а л ы н б і р і к т і р у ;

шығу - инвестордың өзіне тиесілі акциялардың пакетін/қатысу үлесін сатуда жасасатын венчурлік қаржыландыру процесінің соңғы кезеңі;

инвестициялық қоржын - Қор қызметінің негізгі бағыттарымен байланысты Қ о р д ы ң и н в е с т и ц и я л а р ы ;

мониторинг - деректерді жинау және өтеу, Қор қаржыландыратын жобалардың нақты жай-күйі туралы есептерді құрастыру процесі;

венчурлік қордың басқарушы компаниясы (басқарушысы) - венчурлік қорды басқаруға жауапты заңды (жеке) тұлға;

венчурлік қорды басқару - инвестиция объектілерін таңдау және бағалау, инвестициялық меморандумдарды дайындау және инвестицияланатын кәсіпорындармен мәмілелер жасасу, олардың қызметін бақылау және одан шығуды қамтамасыз ету жөніндегі қызмет.

Осы Меморандумда пайдаланылатын басқа да ұғымдар Қазақстан Республикасының заңнамасында қалай пайдаланылса, сондай мағынада қ о л д а н ы л а д ы .

**Ескерту. 5-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.07.26. N 776 қаулысымен .**

## **2. Инвестициялау бағыттары**

1. Қаралып отырған кезеңде (2004 - 2007 жж.) Қор қызметі қаржы инфрақұрылымын құруды, ғылыми әлеуетті дамытуға қатысуды, инновациялық инфрақұрылым құруды, жоғары технологиялық және ғылымды қажетсінетін өндірістер саласына жеке капиталды тартуды қоса алғанда, инновациялық процестің жүйе құрушы элементтерін қалыптастыру мен құруға бағытталатын б о л а д ы .

**Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.07.26. N 776 қаулысымен .**

2. Инвестициялау және Қазақстан Республикасының аумағында венчурлік қорлар құруға, шетелдік венчурлік қорларға инвестициялау, инновациялық жобаларды іске асырушы компанияларға, ұлттық инновациялық инфрақұрылым элементтерін (технопарктер, технологиялық бизнес-инкубаторлар) құруға

инвестициялар тарту, сондай-ақ қолданбалы ҒЗТКӘ-ні қаржыландыру Қор қызметінің негізгі бағыттары болып табылады.

**Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.07.26. N 776 қаулысымен .**

3. Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту кезінде акцияларды/үлестік қатысуды сатып алу жолымен жарғылық капиталға бақылаусыз қатысу инвестициялаудың негізгі нысаны болып табылады. Сонымен қатар Қор инвестициялауды Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Меморандумда тыйым салынбаған басқа нысандарда да жүзеге асыра алады.

4. Қазақстан Республикасының аумағында венчурлік қорлар құрудағы инвестициялар, шетелдік венчурлік қорларға инвестициялау. Қордың қатысуымен Қазақстан Республикасының аумағында венчурлік қорлар құру инновациялық қызметке жеке капиталды тартуға, олардың тәуекелдерін кемітуге, инновацияларды коммерцияландыру саласында мемлекет пен жеке кәсіпкерліктің өзара тиімді іс-қимыл тетігінің қалыптасуына ықпал ететін болады .

Қордың қатысуымен құрылатын венчурлік қорлар экономиканың белгілі бір секторындағыдай (мамандандырылған венчурлік қорлар), экономиканың әр түрлі салаларында да (эмбебап венчурлік қорлар) инновациялық жобаларды қаржыландыруды жүзеге асыра алады.

Құрылатын венчурлік қорлардағы инвестициялаудың негізгі шарттары:

- венчурлік қорлар қызметінің инновациялық бағыттылығы;
- құрылатын венчурлік қордың қазақстандық кәсіпорындарды инвестициялауға бағытталуы;
- тәуекелдерді басқа инвесторлармен бөлісу және жауапкершілікті шектеу;
- бақылаусыз қатысу (венчурлік қордың жарғылық капиталының 49%-нан көп емес) ;
- венчурлік қордың инвестициялау, Қор инвестицияландырған қаражатқа мониторинг пен бақылауды жүзеге асыруға және инновациялық жобаларды іске асыруға мүмкіндік беретін басқарушы компанияны таңдау бойынша шешім қабылдауына Қордың қатысуы;
- венчурлік қордың ұйымдастыру-құқықтық нысанының ашықтығы және кәсіби менеджментінің болуы;
- венчурлік қаржыландыру саласындағы озық тәжірибені тарту;
- құрылатын венчурлік қорларға Қор қатысуының белгілі бір уақытша шегі.

Шетелдік венчурлік қорларға инвестициялау шарттары жекелеген Шарттармен айқындалатын болады.

Қордың шетелдік венчурлік қорларға қатысуы Қазақстан аумағындағы

венчурлік қорларға шетелдік инвестицияларды бұдан әрі тартуға мүмкіндік береді және шетелдік венчурлік қорлар қол жеткізген озық тәжірибеге ие болуды қ а м т а м а с ы з е т е д і .

Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.07.26. N 776 қаулысымен .

5. Инновациялық жобаларды іске асырушы компанияларға инвестициялар.

Қ о р :

- инновацияны коммерцияландырудың бастапқы сатысында (бастапқы қаржыландыру сатысы) жаңа және жұмыс істейтін компанияларға;  
- инновациялық өнім (жұмыстар, қызмет көрсетулер) көлемдерін кеңейту, халықаралық рынокқа шығу үшін (бастапқы және/немесе жедел кеңею сатылары) қосымша инвестицияларды қажет ететін компанияларға инвестиция беруді жү з е г е а с ы р а д ы .

Осы бағытты инвестициялаудың негізгі шарттары:

- инвестициялық жоба Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық саясатының және технологиялық даму басымдықтарына сәйкес келеді;
  - жоба ғылымды қажетсінетін өнімнің (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) жаңа түрін құруға не оның техникалық деңгейін арттыруға, жаңа технологияларды енгізу мен қолданыстағыларды жетілдіруге бағытталған;
  - жоба коммерциялық жағынан тартымды (оның ішінде инновацияның рыноктық орнының жоғары әлеуетті өсуі бар) болып табылады;
  - жобада әрекет ететін, компанияның жарғылық капиталына өтімді материалдық активтермен қатысатын стратегиялық инвестордың болуы;
  - Қордың бақылаусыз қатысуы (компанияның жарғылық капиталының 49%-нан к ө п е м е с ) ;
  - Қордың жобаны іске асырушы компаниялардың басқару органдарына қ а т ы с у ы ;
  - компаниядағы инвестициялардың нақты белгіленген уақытша шегі және сатып алудың басым құқығы әдетте патент иесінің иелігінде болатын одан шығу ш а р т т а р ы ;
  - жобаны кезең-кезеңімен қаржыландыру; зияткерлік меншік түріндегі компанияның жарғылық капиталына қатысу үлесі компанияның жарғылық капиталының 20%-ынан аспауға тиіс;
- Бұл ретте зияткерлік меншік түріндегі компанияның жарғылық капиталына қатысу үлесі мынадай түрде:
- патент иесінің компанияға қорғау құжаттарынан шегіну туралы шарт жасасқан кезде компанияның жарғылық капиталының 20-на дейін;
  - патент иесінің компанияға зияткерлік меншік объектісін қолдану құқығына

толық лицензиясын ұсынған кезде компанияның жарғылық капиталының 15%-на  
д е й і н ;

патент иесінің компанияға зияткерлік меншік объектісін қолдану құқығына  
айрықша лицензия ұсынған кезде компанияның жарғылық капиталының 10%-на  
д е й і н б о л ы п а й қ ы н д а л а д ы .

Компанияның жарғылық капиталындағы үлес ретінде енгізілетін зияткерлік  
меншік құқығына патентпен куәландырылуы тиіс.

**Ескерту. 5-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.07.26. N 776**  
қаулысымен .

6. Инновациялық қызметтің мамандандырылған субъектілерін (технопарктерді, технологиялық бизнес-инкубаторларды) құруға қатысу.

Қордың инновациялық қызметтің мамандандырылған субъектілерін құруға қатысуы инновациялық кезеңнің кешенділігін, инновацияларды коммерцияландыруды жеделдетуді қамтамасыз етуі тиіс.

Көрсетілген мамандандырылған инновациялық институттар негізінен ғылыми-зерттеу институттарының, жоғары оқу орындарының, жоғары технологиялық өнеркәсіптік кәсіпорындардың базасында құрылады.

Қордың технопарктер құруға қатысуы ғылыми-зерттеу ұйымдары мен өнеркәсіп арасындағы кооперацияны дамытуға, міндетті құрылымның  
м ы н а л а р д ы қ ұ р а т ы н :

- инновациялық өнімді әзірлеу мен оны пайдалы үлгі мен өнертабысқа дейін жеткізуді қамтамасыз ететін зертханалық, тәжірибелік-конструкторлық,  
ө н д і р і с т і к б а з а н ы ң ;

- б и з н е с - и н к у б а т о р д ы ң ;

- технопарк компанияларына ақпараттық, заңдық, патенттік, лицензиялық, инжинирингтік, маркетингтік, қаржылық және технопарк қызметінің мақсаттары мен міндеттеріне қайшы келмейтін басқа да қызметтер көрсететін сервистік кәсіпорындар мен фирмалардың кешенділігіне қол жеткізуге бағытталған.

Технологиялық бизнес-инкубаторлар ұлттық және өңірлік технопарктер, ғылыми-зерттеу институттары, жоғарғы оқу орындары негізінде басымдықпен  
қ ұ р ы л а т ы н б о л а д ы .

Технологиялық бизнес-инкубаторлар мынадай функцияларды атқаратын  
б о л а д ы :

жас технологиялық компанияларды құру;  
инновациялық менеджмент негіздерін оқыту.

**Ескерту. 6-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.07.26. N 776**  
қаулысымен .

7. Қолданбалы ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық  
әзірлемелерге гранттар беру.



Қор гранттық бағдарламалар жүйесі арқылы индустриялық-инновациялық дамудың басым бағыттарында мынадай қолданбалы ҒЗТКЖ-ны қаржыландырады:

шағын гранттар";

құжаттардың (техникалық-экономикалық негіздеме, бизнес-жоспар және басқа құжаттар) толық жиынтығын дайындау үшін "жоба алдындағы гранттар"; зерттеулерді аяқтау және пайдалы үлгіге немесе өнертабысқа және өндіріске беруге дайындығына дейін жеткізу үшін "үлкен гранттар"; шетелде ҒЗТКЖ нәтижелеріне арналған патенттерді ресімдеу үшін қажетті патенттеуге арналған гранттар".

ҒЗТКӘ - л е р :

- ғылымды қажетсінетін өнімнің жаңа түрлерін құруға;
- өнімнің техникалық деңгейін арттыруға;
- жаңа технологияларды әзірлеу мен қолданыстағыларды жетілдіруге

бағытталуы тиіс.

Қолданбалы ҒЗТКӘ жобаларын іріктеу кешенді ғылыми-техникалық және экономикалық сараптама, ҒЗТКӘ нәтижелерінің коммерцияланушылығын бағалау негізінде және конкурсты жүргізу жолымен жүзеге асырылады.

Коммерциялық әлеуетті бағалау өнімнің (технологияның), бәсекелік артықшылықтары деңгейін бағалауды, оларды ұзақ уақыт сақтау мүмкіндігін, әлеуетті рыноктың (тұтынушылардың) болуын қамтиды.

Қаржыландыру заңды тұлғаларға Қордың ҒЗТКӘ нәтижелеріне мүлкітік құқығын көздейтін шарттарда беріледі.

**Ескерту. 7-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.07.26. N 776 қаулысымен .**

### **3. Қор инвестицияларының көздері**

1. Инвестицияларды жүзеге асыру үшін мынадай көздер:

- Қордың жарғылық капиталы;
- халықаралық қаржы ұйымдары, шетел мемлекеттері мен қаржы институттары беретін гранттар;
- Қор кірістері пайдаланылуы мүмкін.

2. Қордың инвестицияланатын компаниялар мен венчурлік қорларға инвестицияларының бастапқы құны мен одан шыққан кездегі өткізу құнының арасындағы айырмашылықты білдіретін, Қордың қаржыландырылатын жобалардан шығу кезіндегі кірістер Қордың пайда табуының негізгі нысаны болып табылады.

3. Қордың уақытша бос ақша қаражатын басқарудан түскен кірісі, дивидендтер түріндегі кірістері, консалтингтік қызмет көрсетулерден түскен кірістері, ҒЗТКӘ нәтижесіндегі мүліктік құқықтарды іске асырудан түскен кірістері, Қор қаражатынан қаржыландырылған ҒЗТКЖ нәтижелерін қолдана отырып, кейіннен өнімді коммерцияландырудан түскен кірістер басқа кірістерді білдіреді.

**Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.07.26. N 776 қаулысымен .**

#### **4. Инвестициялау туралы шешім қабылдау тәртібі**

1. Инвестициялау туралы шешім қабылдау қағидаттары:

- мемлекеттің индустриялық-инновациялық стратегиясы жобасының Қор мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келуі;
- жобаны ғылыми-техникалық және экономикалық сараптаудың кешенділігі;
  - жобаны сараптаудың тәуелсіздігі;
- Қордың инвестициялық қоржынын және тәуекелдерін әртараптандыру;
- ашықтық.

2. Инновациялық жобаларды және ҒЗТКӘ жобаларын қаржыландыру туралы шешім өткізу тәртібін Қордың Директорлар кеңесі бекітетін кешенді ғылыми-техникалық және экономикалық сараптама нәтижелерінің негізінде қабылданады. Мұндай сараптама тәуелсіз сыртқы сарапшылардың (сараптама ұйымдарының) міндетті түрдегі сараптамасын, сондай-ақ Сараптама кеңесінің - Қордың тәуелсіз сыртқы органының қорытындысын қамтиды. Жобалардың сараптамасы (ҒЗТКЖ-дан басқа) келісім-шарт негізінде жүзеге асырылады.

**Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.07.26. N 776 қаулысымен .**

3. Жобаларды қарау процесінің және инвестициялау туралы шешім қабылдаудың ашықтығын қамтамасыз ету үшін Қордың Инвестициялық Комитеті және Қор жанындағы Сараптама кеңесі құрылады.

**Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.07.26. N 776 қаулысымен .**

4. Қордың активтері құнының жалпы мөлшерінің 2,5%-нан аспайтын сомадағы активтерді беру жолымен оның ұйымдарды құруы және басқа да ұйымдардың қызметіне қатысуы туралы шешімді қабылдауды Қордың Директорлар Кеңесі жүзеге асырады.

#### **5. Инвестициялық қоржын мониторингі**



1. Қор жарғылық капиталына өзі қатысатын венчурлік қорлар мен компанияларды басқарудың үздіксіз мониторингін, сондай-ақ инновациялық жобалар мен ҒЗТКӘ жобаларын іске асыруды жүзеге асырады.

2. Мониторинг пен талдау мақсаты - Қор қаржыландыратын жобалардың іске асырылуын бақылауды қамтамасыз ету, жобаларды басқарудың тиімділігін бағалау. Мониторинг пен талдау шеңберінде:

- нақты жобаның іске асырылуы, инвестицияланған компаниялар мен венчурлік қорлардың қаржылық жай-күйі, Қордың тұтастай инвестициялық қоржынының ағымдағы жай-күйі туралы шынайы ақпарат алу;

- олардың өзгеру үрдістері және жобаларды іске асыруға, инвестицияланған компаниялар мен венчурлік қорлардың қаржы жағдайына, тұтастай Қордың инвестициялық қоржынына ықпал ететін факторларды айқындау;

- нақты жобалар бойынша тәуекелдерді ең аз мөлшерге келтіру, инвестицияланған компаниялармен және венчурлік қорлармен өзара іс-қимыл, Қор тәуекелдерін әртараптандыру жөніндегі ұсыныстарды дайындау қамтамасыз етіледі.

3. Мониторингті жүзеге асыру үшін қаржыландыруды Қор жүзеге асыратын заңды тұлғалар Қорға инновациялық жобалардың, ҒЗТКӘ жобаларының іске асырылуы туралы есепті, сондай-ақ Қордың Директорлар Кеңесі бекіткен тәртіппен қаржылық есептілікті ұсынады.

## **6. Инвестицияланған компаниялар мен венчурлік қорлардан шығу туралы шешімдерді қабылдау**

1. Шығу шарттары мен мерзімдері Қор және жобалардың басқа да қатысушылары жасасқан ынтымақтастық туралы тиісті келісімдерде көзделеді.

2. Жобалардың іске асуына қарай шығу шарттары мен мерзімдері тараптар келісімі бойынша түзетілуі мүмкін.

3. Қордың шығуы туралы шешімді Қор Басқармасы қабылдайды. Инвестициялардың бастапқы құны Қор активтерінің жалпы мөлшері құнынан 2,5% асып кеткен жағдайда - Қордың Директорлар Кеңесі қабылдайды.

## **7. Тәуекелдерді басқару және инвестициялық қоржынды әртараптандыру**

1. Қаржылық тұрақтылықты және теңдестірілген инвестициялық қоржынды қалыптастыруды қамтамасыз ету мақсатында Қор тәуекелдерді басқарудың мынадай негізгі әдістерін қолданады: тәуекелдерді жеке капиталмен бөлісу, әртараптандыру, лимиттеу, инвестицияланатын қорлар мен компанияларды басқаруға қатысу, ішкі рейтингтік жүйені қолдану.

2. Тәуекелдерді жеке капиталмен бөлісу Қордың инновациялық жобаларды, венчурлік қорлар мен инновациялық инфрақұрылым элементтерін құру жобаларын қаржыландыруға бақылаусыз қатысуы жолымен жүзеге асырылады.

3. Қордың Инвестициялық қоржынын әртараптандыру:

- инвестициялау бағыттары бойынша әртараптандыруды (венчурлік қорлар, инновациялық жүйенің мамандандырылған институттарын құру, инновациялық жобаларды іске асыратын компаниялардың жарғылық капиталына қатысу, ҒЗТКӘ - ні қаржыландыру);

- салалық әртараптандыруды;

- инновациялық жобаларға инвестицияларды жобаның/компанияның тіршілік ету кезеңі сатылары және жобаның өзін-өзі ақтауы мерзімдері бойынша бөлуді көздейді.

4. Қор мынадай лимиттерді белгілейді:

1) инвестициялау бағыттары бойынша:

- венчурлік қорларды құруға инвестициялар - Қордың өз капиталы көлемінің 50% - нан артық емес;

- ұлттық инновациялық жүйе (технопарктер, технополистер т.б.) элементтерін құруға инвестициялар - 10%-дан артық емес;

- инновациялық жобаларды іске асырушы компаниялардың жарғылық капиталына қатысу - 35%-дан артық емес;

- қолданбалы ҒЗТКӘ-ні қаржыландыру - 5%-дан артық емес.

2) бір жобаға инвестициялар бойынша лимиттер:

Қордың венчурлік қорларды құруға қатысу үлесі - 1320 млн. теңгеден аспайды;

Қордың инновациялық жобаларды іске асыратын компаниялардың жарғылық капиталына қатысу үлесі - 658 млн. теңгеден аспайды;

Қордың инновациялық инфрақұрылымның мамандандырылған субъектілерін (технопарктері, технологиялық бизнес-инкубаторды) құруға қатысу үлесі - 65,8 млн. теңгеден аспайды;

қолданбалы ҒЗТКЖ-ға гранттар сомасы: жоба алдындағы гранттар - 650 мың теңгеден аспайды, кіші гранттар - 7,2 млн. теңгеден аспайды, патенттеуге арналған гранттар - 13,2 млн. теңгеден аспайды, үлкен гранттар - 33 млн. теңгеден аспайды.

Мемлекет үшін маңызды стратегиялық мәні бар инновациялық жобаларды іске асыратын компаниялардың жарғылық капиталына Қордың қатысу үлесі Қор акционерлерінің жалпы жиналысының Қазақстан Республикасы Үкіметінің ұсынымы бойынша қабылданған тиісті шешімі болған кезде 658 млн.-нан астам теңгені құрауы мүмкін.

3) Қазіргі жағдайларда ғылыми-техникалық саладағы бәсекелестіктің күшеюі

нәтижесінде ғылымды қажетсінетін өнімдердің тіршілік ету кезеңінің қысқаруы байқалады, бұл Қор қаржыландыратын инновациялық жобалардың өзін-өзі ақтауы мерзімдерін шектеуге қойылатын талаптарды ұсынады.

Қолданбалы ҒЗТКӘ-нің орындалу мерзімі 18 айдан аспауы тиіс.

**Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.07.26. N 776 қаулысымен .**

## **8. Уақытша бос ақша қаражатын басқару**

1. Уақытша бос ақша қаражатын басқару мақсатында Қор мемлекеттік және корпоративтік бағалы қағаздарды қоса алғанда, өтімді активтерге бос ресурстарды орналастыруға құқылы.

2. Қордың уақытша бос қаражатын басқару стратегиясын Қордың Директорлар Кеңесі бекітеді.

## **9. Инвестициялық қызметке шектеулер**

1 . Қ о р д ы ң :

- 1) акциялардан басқа бағалы қағаздардың өзге де түрлерін шығаруға;
- 2) з а е м д а р ұ с ы н у ғ а ;
- 3) үшінші тұлғалардың міндеттемелері бойынша кепіл және кепілдік беруді ұ с ы н у ғ а ;
- 4) шарттары мен қабылдау тәртібі, сондай-ақ олардың мақсатын жүзеге асыруы Қордың жарғысына және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келетін міндеттемелерді өзіне алуға құқығы жоқ.

2. Қор алкогольдік, темекі өнімдерін шығаруды, ойын бизнесін инвестициялауды жүзеге асырмайды.

## **10. Инновациялық қызмет субъектілерімен өзара іс-қимыл**

1. Қор инновациялық қызметтің барлық субъектілерімен белсенді ынтымақтасуға және ұлттық инновациялық жүйе элементтерінің барлық құрылымдарының ықпалдасуын қамтамасыз етуді көздейді.

2. Қор әлемдік тәжірибені және халықаралық ұйымдармен, шетел мемлекеттерінің үкімет ұйымдарымен, шетелдік қаржы институттарымен ынтымақтасу мүмкіндігін белсенді пайдаланатын болады. Бұл венчурлік қорлардың және ұлттық инновациялық жүйе элементтерінің қалыптасуының

және қызметінің тиімді тетіктерін енгізуге, инвесторларды тартуға және венчурлік қаржыландыру саласындағы озық менеджментті енгізуге мүмкіндік береді.

## **11. Мемлекеттік ұйымдармен және даму институттарымен өзара іс-қимыл**

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі Қордың акционері бола отырып, Қордың мемлекеттік акциялар пакетін басқару жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органды (бұдан әрі - уәкілетті мемлекеттік орган) белгілейді.

### **2. Уәкілетті мемлекеттік орган:**

- мемлекеттік акциялар пакетін басқару функцияларын жүзеге асырады;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес акционерлердің жалпы жиналысының құзырына жатқызылған мәселелер бойынша мемлекет мүддесін б і л д і р е д і ;

- үлестіруді жүзеге асырады және құқықтық, қаржылық және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оның қызметін өзге де қамтамасыз ету мәселелері бойынша Қордың мемлекеттік органдарымен өзара іс-қимыл процесіне қатысады.

3. Қор инвестициялық қызметтің барлық кезеңдерінде мемлекеттік даму институттарымен өзара іс-қимылды жүзеге асырады.

## **12. Есептілік**

1. Қордың қаржы-шаруашылық қызметінің бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есептілікті ұсыну тәртібі Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп туралы заңнамасымен белгіленеді.

2. Қор Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген мерзімдерде жылдық қаржылық есептілігін басылым беттерінде жыл сайын жариялайды.

3. Қор аудит өткізіп, оны акционерлердің жалпы жиналысында бекіткеннен кейін, уәкілетті мемлекеттік органға 1 сәуірден кешіктірмей жылдық қаржылық есептілікті ұсынады.